

Салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 19 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 наурызда № 8-14-168 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 241 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 22.05.2018 № 241 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О ескертпесі .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422 бабының 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Бір салық салу объектілерінен алынатын тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының № 312 "Бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне № 8-14-139 болып тіркелген, "Нұра" газетінің 2011 жылғы 22 қаңтардағы № 4 (5192) санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұрақты комиссиясына (Н. Сүлейменов) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Сүлейменов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б. Шайжанов

2012 жылғы 16 акпандагы

Н 19 шешіміне

қосымша

Айна салық салу объектісінің бірлігіне салықтың базалық ставкаларының мөлшері

N	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың катысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК